

Менің туған жерім - туған тілімнің мекені



Тапсырмалар бойынша оқушының білім-білік дағдысы арнаулы критерийлерге негізделіп құрылған дескрипторлар арқылы бағаланады [1,72].

Қорытындылай келе, 5-9-сынып оқушыларына арналып, жүйелі түрде ақиқат дүниені, өмірді танып білуге бағыттайтын вариативті курс «Тіл-таным» бағдарламасы қазіргі әлеуметтік сұранымға сай зерттеушілік-шығармашылық қабілеті жоғары, өзіндік сыни көзқарасы қалыптасқан құзыретті тұлға даярлауға мүмкіндік туғызады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары. 2012 ж.
2. Вариативті курс бағдарламасын құрастыру бойынша әдістемелік нұсқаулық. Қарағанды облысы білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығы. 2016 ж.
3. Балаларға арналған танымдық энциклопедия. Ұлы өнертабыстар. – Алматы, 2004 ж.
4. Мұғалімге арналған нұсқаулық. 2-деңгей. 2014 ж.

Мухамеджанова Г.Т., Тасбулатова А.Б.
М. Қозыбаев атындағы СҚМУ
aygera.t01@gmail.com

ТІЛДІК ҚҰРАЛДАРДЫҢ ЛИНГВОМӘДЕНИ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

Тіл – адамның ойы мен санасында танылған әлемдік бейненің, болмыстың ұғымдық белгісі болып табылады. Адам баласы тіл арқылы табиғаттағы бүкіл заттар мен құбылыстарға атау беріп өтеді. Ұлттық таным және тіл бірлігі, байланысын осы жерде көруге болады. Тіл деген жалпы мәдениет пен адамзаттық дүниетанымының тұғыры деседі. Мәдениет және тілдің байланысы мазмұн мен форманың байланысы. Тіл – мәдениет деген ұғымның өмір сүру формасы болса, мәдениет деген оның ішкі мазмұны болады. Осы тұрғыдан алатын болса, тіл және мәдениетті тұтас бір дүние деп есептейді. «Лингвомәдениеттану» термині сонау оңжылдықта В.Н.Телияның фразеология мектебінің нәтижесі арқылы пайда болған. Лингвомәдениеттану – тіл және мәдениеттің нәтижесінде дүниеге келген ғылым. Әлем философиясы мыңдаған жылдар бойы тілдің өзіндік тұстарын пайдалану арқылы дамып келе жатыр. Ұлы ойшыл А.М.Хайдегер тілді «болмыстың үйі» деп атаған. Сол себепті лингвистика барлық гуманитарлық бағыттың алдыңғы қатарларынан болып, бұл ғылымсыз мәдениетті зерттеу мүмкін емес екендігін анықтады. Тіл белгілі бір ұлттың әлем және қоғамға деген көзқарасын көрсетеді. Сонау замандарда халқымыздың басынан өткерген әрекеттері, қазіргі күндері метафораларда, мақалдарда, фразеологизмдерде, мәтелдерде сақталып отырған.

В.А.Маслова лингвомәдениеттанудың пәнаралық сипатын атай отырып, оны «тіл мен мәдениеттанудың түйіскен тоғысында қалыптасқан лингвистика саласы» ретінде, «тірі ұлттың тілге дарыған және тілдік процестерде материалды және рухани мәдениетті көрсететін гуманитарлық пән» ретінде немесе «мәдениеттану мен тіл білімі, этнолингвистика мен мәдени антропологияның зерттеулері нәтижесін қамтыған, шоғырланған білімдер аумағы» ретінде анықтайды [1, 11]. Лингвомәдениеттану саласында тілдің өзіндік ерекшеліктері тілдік құралдар арқылы көрініс табады.

Метафора. Метафораның ұлттық сипаты тілілік тұлғаның ұлттық мінезінің өлшемдерін анықтап отырады. Жыраулық дәстүрден бастап орын алған және тілдегі орны сақталған тілдік құрал - метафоралық қолданыс деп аталады. Қоршаған ортада болып жатқан көңіл күй иірімдері, табиғаттың әсем суреттері метафоралық қолданыстың бастамасы.


Қазақ тіл білімінде Б.Хасанов «Қазақ тіліндегі сөздердің метафоралы қолданылуы» еңбегінде: «Метафора – екі зат пен құбылысты салыстырудың негізінде сөздің ауыс(мағынада) қолданылуы», - деп метафораның түрлерін, қасиеттерін жан-жақты зерттеді [2, 59]. Метафораның басты ерекшелігін атап өтетін болса, бейнелілік және жаңашылдық, сол себепті жаңашыл тілдік тұлғада бұл метафоралар жиі ұшырасады. Метафораның тілдік болмысын зерттеуші А.Сыбанбаеваның пікірінше, метафора ауыспалы мағынада ғана емес, көптеген қасиеттер мен қызметті өз бойына сыйғызады деген тұжырымға келген. Бұл пікірде қазіргі таңда тарихта үлкен орын алған өр тұлғалардың шығармашылығынан, поэзиясынан кездестіруге болатындығы көрінеді[3, 59].

Мысалы, Ақылы дария Қанекен,

Хан еді мойны сынбаған («Құлагер» поэмасы, 126-бет).

Бұл өлең жолдары арқылы ақылы дария деген метафораны кездестіруге болады. Қазақ халқында ханды ерекше сыйлап, құрмет тұтқан. Осы жолдарда ақыл-парасаттылығынан кейінгі ұрпақ тәлім алсын деп ханды ерекше сипаттап тұр. Үлкенді сыйлау, оларға құрмет көрсету - ежелден келе жатқан салтымыз болғандықтан ханның ақылының дариядай екенін нық атап өтеді.

Кесте-1



Теңеу. Теңеу – күнделікті ауызекі сөйлеу барысында және көркем шығармаларда молынан қолданылатын тәсілдердің бірі. Теңеуді қажет жерінде дәл қолдану, тың жаңа теңеулер жасау-кімнен болса да нағыз шеберлікті талап етеді. Өз орнында тұрған ұтымды теңеуден дүниенің тілдік бейнесін ғана емес, ақиқат дүние туралы да хабар алуға болады. Теңеулердің көркем шығарманың эстетикалық қырын айқындаудағы қызметі де ерекше. Теңеуді тиімді пайдалана отырып, ақын-жазушылар өз шығармасының көркемдік дәрежесін биікке көтереді, ақиқат болмысты толығырақ танып білуге мүмкіндік береді және теңеугетілдік тұрғыдан талдау жасау арқылы әр ақынның өзіндік қолтаңбасын, дүниетанымын байқауға болады [4, 40]. Мәселен, «Біржан-Сара» айтысынан қазақ ұғымына жақын ұлттық өрнекпен өрілген теңеулерді өте көп кездестіруге болады. Әсіресе құс ұғымына байланысты көрініс тапқан теңеулер айтыста кездеседі. Мысалы:

Жарайды, жаным Сара, осы сөзің,

Тастүлек тұрымтайдай екі көзің [5, 59].

Теңеуге образ ретінде қолданылған *тұрымтай* сөзі – тұрпаты күйкентайға ұқсас кішірек келген сұңқар тектес жыртқыш құстың бірі[6, 50]. Өлең жолдарында тұрымтайдай теңеуімен ақынның айтыста Сара қызға көзінің тұрымтай сияқты кішкентай деп тенең айтқанын көруге болады. Қазақ үшін жыл құсы болып табылады. Наурыз-мамырда ұшып келіп, ұя салады. Құсбегілікке қызмет етіп, өз пайдасын әкелетін қасиетті жыртқыш құс. Талай ақындарға арқау, ертегілерге үзілмес желі болған, күні бүгінге дейін ақын-жазушылардың шығармаларында құсбегіліктің ішінде, әсіресе бүркіт, тұрымтай жыр көзіне айналып отыруы-қазақ халқының осы құсқа деген аса зор құрметінің белгісі болса керек.

Сонымен қатар, айтыста көк байрағымыз тудың да сөз болғанын атап өтуге болады.

Бірінен-бірі дамып, асып түсер,

Дауысым алтын *тудай* шоқ көрінген [5, 66].

Қазақ салтымызда желбірете ту ұстаған, салт атқа мінген жауынгерлер бейнесі көптеп кездеседі. Ту – елімізді бірлікке, молшылыққа шақырған рәміздеріміздің бірі. Мемлекеттік рәміздер-халқымыздың рухын, ұлттық салт-санасын, қаһармандығы мен даналығын, болашаққа үмітін, арман-тілегін жеткізетін, еліміздің өткені, бүгінгі мен келешегі арасындағы сабақтастықтың жарық бейнесіне

айналған ерекше құнды белгі-деп Н.Ә.Назарбаев өз сөзінде арқау етті. Бұл жолдарда ақын дауысының ерекше, шоктығы мол екендігін көрсетіп тұр. Алтын тудай деп теңеу арқылы, елдігіміздің шыңға биік көтерілгенін атап өтеді.

Этномаркерлі сипаты бар теңеулер. Этнографизмдер – тұрмысымызда болған, жатқан күңкөріс бұйымдарының белгілі бір шаруашылыққа, салт - дәстүрге, әдет - ғұрыпқа, наным - сенімге, баспанаға, киім кешекке, ішер асқа, туыстық қатынасқа, ел билеу ерекшелігіне, заң тәртібіне, әдеттік құқыққа байланысты қолданылатын, халқымыздың тұрмыстық және тілдік өзіндік ерекшелігін көрсететін арнаулы атаулар.

Мысалы, Зейнештің қарағанын Асылбек сезді. Сұлу қыздың өткір көзі *қанжардай* қадалып, жүрекке таңба салатын сезім секілді (Б.Майлин «Шұғаның белгісі»). Бұл мысалда этномаркерлі теңеу болып тұрған қанжардай сөзі қазақ халқының қару-жарақтарын көрсетіп тұр. Көзінің өткірлігін белге байлап жүретін, қос жүзді өткір пышаққа теңейді. Этномаркерлі теңеулердің өзіндік ерекшелігі қазақ халқының мәдениетін дәріптеу болып табылады.

Прецеденттік есім негізінде жасалған теңеулер. Прецеденттік есімдер – ақиқат өмірде болған жалпыұлттық когнитивтік базаның өзегінен орын алатын барынша танымал тарихи тұлғалар. Теңеулердегі прецеденттік есімдерден әртүрлі қоғамдық дәуірлерде болған оқиғалар жайынан хабар алуға болады. Көбіне мәдени - тарихи жағдайлар бір ғана атақты есіммен беріліп, ұлтқа қатысты бар сырды аңғартып, ерекше коннотациялық мәнге ие болады екен.

Мысалы,

Алтыбақан, ауыл үсті ән-думан,

Орда тауы, Шыңғыс тауы жаңғырған.

Сол таулардай Абай, Мұхтар-қос алып

Қол ұстасып шығатындай алдыңнан (С.Мәуленов «Ақшоқыға беттегенде»). Бұл мысалда ұлы тұлғалар - Абай, Мұхтар есімдері прецеденттік теңеу қызметін атқарып тұр. Яғни бұл теңеу түрінің ерекшелігі тарихи тұлғаларды дәріптеу.

Эпитет. Эпитет ұғымға, нәрсеге бейнелілік және нақтылық мәнді көрсетеді. Шығарманың көрнекі тілі жөнінде терең түсінік қалыптастырып, оның түрлі әдістерін нақтылай көрсеткен алғаш еңбектің негізі А. Байтұрсыновтан бастау алады.

А. Байтұрсынов айтқан тұжырымды «Әдебиет танытқыш» атты еңбегінде, белгілі ғалым Қ.Жұмалиев те анықтай түскен: «Тұрақты эпитет деп көпшілігіне сол нәрсеге тұрақталып, бекіген эпитеттерді айтады. Мысалы: «Қызыл ту», «қызыл әскер», «шұбар түс» т.б. [7, 12]. Сонымен қоса, әдебиет теориясында, эпитет болатын сөз көбіне сын есім, кейде зат есімдер мен есімше, көсемше, етістіктер арқылы затты анықтайтын сөздер болатындығы туралы айтылады. Ғылымдағы тың тұжырымдардың байыпты бағалануы мен дәйекті дәлелденуінің бір негізі эпитеттерге байланысты болып келетіні, көркем дүниелерімізден соны танудың жолдарын түсіндіретін ізденістер барлығына көзін жеткізді. Соған байланысты жарыққа шыққан еңбектің бірі – академик З. Ахметовтің еңбегі. Ғалымның жалпы рухани мұрамыздың сөз кестесі мен тіл өрнегіне қатысты байыпты пікірлері ғылымда қуатталып, көркем шығармалардың поэтикалық тілдік ерекшеліктеріне қатысты тексерулерде орынды аталып жүр. Қазақтың өлең құрылысының сан – салалы екендігін айтқан З. Ахметовтің еңбегінде эпитетке қатысты мынадай пікір айтылады: «Халықтық поэзияда белгілі бір ұғымға үнемі қатарласып айтылатын тұрақты эпитеттер көп кездесетіні белгілі. Мұның өзі кездейсоқ құбылыс емес. Халық поэзиясында бейнелі сөз түрлері, сөз нақыштары сан жағынан жазба әдебиеттегідей мол болмағанымен, оның есесіне жиірек қолданылады. Халықтық өлең – жырларда бейнелі сөздердің берік орнығып, тұрақталғанын әбден екшеліп, сұпталғанын, поэзияның тіл кестесіне хас үлгі – нақыштар болып қалыптасқанын байқаймыз» [8, 68].

Эпитеттерді «Кенесары-Наурызбай» шығармасынан кездестіруге болады. Мәселен,

Кенекеш жауға жолықты,

Ақ білегін сыбанған [5, 78].

Бұл өлең жолдарында ақ білек деген эпитеттік ерекшелік қолданылып тұр. Сөз өнеріндегі көркемдік-бейнелілік оның ең қуатты эстетикалық құралы, талғам биігінің өлшемі деуге болады. Ақ білек деп жауға шығу барысында мол дайындықпен шыққандығы туралы айтылады. Тілдік құралдарды қолдану кезінде оның ішкі және сыртқы мағынасына қарай талдау жасау керек. Ұтымды қолданылған тілдік құралдардың тілдік және мәдениеттік жағынан қарастыра білу керек.

Қорытындылай келгенде, көркем тіл, образды сөздерді білу тек жазушылар үшін ғана емес, әрбір сауатты да, білімді адамның бәріне керекті болады. Себебі әрбір адам өзінің ой-сезімін басқаларға білдіру үшін барынша көркем сөздерді қолдануға тырысады. Ол – табиғи нәрсе.

Сондықтан оны түсіну, білу әр адамның өзі үшін керек. Жазушылар адам образын да, көркем сюжетті де, жеке адамға тән мінезді де, күйініш-сүйінішті де, табиғаттың әдемі көріністерін де көркем тіл арқылы жасайды. Тілсіз көркем шығарма жоқ. Тілге мән бермеу не оны білмеушілік әдебиеттің даму процесіне де көп кеселдік келтіруі мүмкін. «Жылтырағанның бәрі алтын емес». Жақсының жаманнан, асылды жасықтан айыру үшін әдебиетші, сыншылар көркем тілді өздері жақсы біліп, толық меңгеруі – басты шарттардың бірі болып табылады. Міне, осылардың бәрі де көркем тілді кең зерттеп, терең түсінуімізді қажет етеді. Қандай ұлттың әдебиетін алып қараса да, ондағы басты құндылық оның сөздік қорына келіп тіреледі. Сондықтан, халықтың қоршаған дүниені көркемдік ойлау жүйесінің тереңдігімен байланысты.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Оспанова Б. Лингвомәдениеттану. Оқу құралы. – Астана: Фолиант, 2018 –152 б.
2. Хасанов Б. Қазақ тілінде сөздердің метафоралы қолданылуы: Автореф. дис. – Алматы, 1966. –187 б.
3. Сыбанбаева А. Метафораның тілдік болмысы және концептуальды метафоралар. –Алматы: Қазақ университетінің баспасы, 2002. –162 б.
4. Жұмалиев Қ., Қабдолов З., Ахметов З. – Алматы: Әдебиет әлемі, 2013. – 411 б.
5. Керімбекова Б., Мұқанова Ж. Қазақ әдебиеті. Жалпы білім беретін 9- сыныбына арналған оқулық. – Алматы: Мектеп, 2019. – 256 б.
6. Салқынбай А., Абақан Е. Лингвистикалық түсіндірме сөздік. –Алматы: Сөздік-Словарь, 1998. – 320 б.
7. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. – Алматы: Атамұра, 2003. – 208 б.
8. Ахметов З. Өлең сөздің теориясы: оқу құралы. – Алматы: Мектеп, 1973. – 212 б.

Мажитаева Гульжана Аскаровна

Алматы обл. Қарасай ауд. «Бота» балабақшасының орыс тілі мұғалімі

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫ САЛТ-ДӘСТҮРЛЕР АРҚЫЛЫ ТӘРБИЕЛЕУ

«Ел болам десен, бесігіңді түзе», - деген ұлы қаламгер М.Әуезов. Қазақ халқында жаңа өмірдің, жарық дүниенің есігін ашқан нәрестенің өзіне сый – құрмет көрсетіліп, дәріптейтін лайықты салт – дәстүрлері бар. Әлемдік жаһандану үрдісіне қадам басқан жаңа ғасырда әр халық, ұлт дінін, тілін, мәдениетін, тарихын мейлінше сақтап қалуға әрекет етуде. Олай болса салт-дәстүр – өсіп келе жатқан баланың ой-санасын қалыптастыруға, өзінің ұлт өкілі ретінде өсіп, үлгі-өнеге алуына әсерін тигізеді.

Мектепке дейінгі ұйымдардағы балалардың жас ерекшеліктеріне сай ата-баба дәстүрі мен халық педагогикасын басшылыққа алып, тәрбие жұмысын ғылыми негізде ұйымдастырып, ұтымды жүргізе білуіміз қажет. Ол үшін осы ұғымдардың мазмұнын түсіну керек. Соңғы жылдары мектепке дейінгі ұйымның тәрбие үрдісінде халықтық педагогика идеяларын қолдануға көп көңіл бөлінуде. Әйтсе де, осы салада ғылыми әдебиеттер мен мектепке дейінгі тәрбие мекемелерінде тәрбие жұмыстарына талдау жасай келіп, ұлттық салт-дәстүр арқылы тәрбиелеудің теориялық, тәжірибелік тұрғыда да өз дәрежесінде жүргізілмей отырғандығы көрінеді. Білім беруде халық ауыз әдебиеті үлгілерін, халықтық музыка, ұлттық ойындар, өнер, салт-дәстүрлерін тұтас қамтып, бірлікте жүргізу көзделді. Олар тәрбиленушілердің жас ерекшеліктеріне сай мазмұндық деңгейі әрқелкі болып жүзеге асырылуы тиіс. Балалардың әрбір іс-әрекетінде ұлттық ерекшелік қанық бояумен әрленіп, дараланып тұруы көзделеді.

Балабақша – тәрбие бесігінің бірі. Мектепке дейінгі мекемелердегі балалардың жас ерекшеліктеріне сай ата-баба дәстүрі мен халықтық педагогиканы басшылыққа алып, тәрбие жұмысын ғылыми негізде ұйымдастыра отырып, ұтымды жүргізе білуіміз қажет.

“Қазақтар балаңды өз тәрбиеңмен тәрбиелеме, өз ұлтыңның тәрбиесімен тәрбиеле”, - дегендей халқымыздың бойына сіңген атадан балаға жалғасып келе жатқан ұлттық тәрбиесі өзге ұлттардан ерекшеленіп, өздеріне тән қасиеттерді көрсетіп тұратындығын жоққа шығармай, ұстануымыз керек. Еліміздің ертеңгі болашағы балаларға ұлттық тәрбие беру – қазақ халқының басты міндеті. Ұлттық тәлім-тәрбиенің басты мақсаты – адамгершілік, бауырмалдық, қайырымдылық, туысқандық, әдептілік, әдемілік болып табылады. Балабақша – бала тұлғасының қалыптасып, білім нәрінің бастау алатын алғашқы білім ошағы. Балаларды балабақшадан бастап ақылдылыққа, алғыр ойға, тілдік шешендікке, ісмерлікке баулу – ұлттық тәрбиенің басты мақсаты.